

**Брюссель қаласында 1993 жылғы 15 қазанда алдын ала қол қойылған және 1995 жылғы 20 желтоқсанда алдын ала қол қойылған хат алмасу нысанындағы Келісіммен өзгертілген Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Экономикалық Қоғамдастығы арасындағы тоқыма бұйымдарымен сауда жөніндегі Келісімге өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Қоғамдастық арасындағы хат алмасу нысанындағы Келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 24 маусым N 936

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Брюссель қаласында 1993 жылғы 15 қазанда алдын ала қол қойылған және 1995 жылғы 20 желтоқсанда алдын ала қол қойылған хат алмасу нысанындағы Келісіммен өзгертілген Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Экономикалық Қоғамдастығы арасындағы тоқыма бұйымдарымен сауда жөніндегі Келісімге өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Қоғамдастық арасындағы хат алмасу нысанындағы Келісімге қол қойылсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі Владимир Сергеевич Школьникке Брюссель қаласында 1993 жылғы 15 қазанда алдын ала қол қойылған және 1995 жылғы 20 желтоқсанда алдын ала қойылған хат алмасу нысанындағы Келісіммен өзгертілген Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Экономикалық Қоғамдастығы арасындағы тоқыма

бұйымдарымен сауда жөніндегі Келісімге өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Қоғамдастық арасындағы хат алмасу нысанындағы Келісімге Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Брюссельде 1993 жылғы 15 қазанда алдын-ала қол қойылған және 1995 жылғы 20 желтоқсандағы хаттармен алмасу нысанындағы Келісіммен өзгертілген Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Экономикалық Қоғамдастығының арасындағы Тоқыма бұйымдарының саудасы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Қоғамдастықтың арасындағы хаттармен алмасу нысанындағы

## КЕЛІСІМ

Еуропалық Одақ Кеңесінің хаты

Мырза,

1. Брюссельде 1993 жылғы 15 қазанда қол қойылған және 1995 жылғы 20 желтоқсандағы хаттармен алмасу нысанындағы Келісіммен толықтырылған Еуропалық Экономикалық Қоғамдастығы мен Қазақстан Республикасының арасындағы Тоқыма бұйымдарының саудасы туралы келісімге (бұдан әрі - "Келісім") сүйенуді өзімізге қ ұ р м е т с а н а й м ы з .

2. Келісімнің мерзімі 1999 жылғы 31 желтоқсанда аяқталғандықтан және Келісімнің 20 (4)-бабына сәйкес Еуропалық Қоғамдастық Келісімнің күшін бұдан арғы кезеңге төмендегідей түзетулермен және шарттармен кем дегенде үш жылға ұзартуды ұсынады :

2.1. Келісімнің 1-бабында айтылған тауарлар көрсетілген 1-қосымша осы хаттың 1-қ о с ы м ш а с ы м е н а у ы с т ы р ы л д ы .

2.2. 20-баптағы 1-параграфтың мәтіні, Келісімнің екінші және үшінші сөйлемдері м ы н а ү л г і д е а у ы с т ы р ы л а т ы н б о л а д ы :

"Ол 2002 жылғы 31 желтоқсанға дейін күшінде болуы тиіс. Алдағы уақытта, егер тараптардың бірі осы ұзартумен келіспейтіндігі жөнінде 2002 жылғы 31 желтоқсанға кем дегенде 6 ай қалғанда басқасын хабардар етпесе, осы Келісімнің барлық тармақтарын қолдану өздігінен тағы бір жылға 2003 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі к е з е ң г е ұ з а р т ы л а т ы н б о л а д ы " .

2.3. Келісімнің 2 (3)-бабында көрсетілген 1, 3, 4, 5, 6, 7 және 8 тоқыма санаттары А-хаттамасында көзделген қосарланған тексеру жүйесінен шығарылды. Егер белгілі бір жылда осы тоқыма санаттарындағы тауарлар импортының деңгейі Келісімнің 5(2)-бабында көрсетілген лимиттен асқан жағдайда қосарланған тексеру жүйесі осы санаттар б о й ы н ш а ө з д і г і н е н тағы да қолданылатын болады.

3. Келісім мерзімнің аяқталуына дейін Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік Сауда Ұйымының мүшесі болған жағдайда, 2 (2)-(5), 3, 6, 7, 8, 9, 11-19-баптардың ережелері, А-хаттамасы, В-хаттамасы, С-хаттамасы, N 1 келісілген хаттама, N 2 келісілген хаттама , N 3 келісілген хаттама, N 4 келісілген хаттама Тоқыма өнімі және киім жөніндегі ДСҰ келісімінің 2(17)-бабы мағынасының шегінде әкімшілік құрылымдар ретінде қ о л д а н ы л у ы т и і с .

4. Егер Сіз осы айтылғандарды Сіздің Үкіметіңіздің қабылдауын растасаңыз, біз Сізге зор ризашылық білдірер едік. Бұл жағдайда, қосымшаларымен қоса осы хат және қабылдау туралы Сіздің хатыңыз хаттармен алмасу нысанындағы Келісімді жасайтын

болады, қажетті құқықтық рәсімдер аяқталғанын тараптар бір-біріне хабарлаған күннің келесі айының бірінші күнінен бастап күшіне енетін болады. Сол мерзімге дейін ол 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап өзара шарттылық жағдайында уақытша қолданылатын болады.

Мырза, біздің үлкен құрметімізді қабыл алыңыз.  
Еуропалық Одақ Кеңесі үшін

1 - қ о с ы м ш а

Еуропалық Қоғамдастық пен Қазақстанның арасындағы Тоқыма бұйымдарының саудасы туралы келісімге қатысты Брюссельде 1993 жылғы 15 қазанда қол қойылған Тоқыма өніміне арналған тауарлар санаты мен сипаттамасы көрсетілген 1-қосымша ЕҚ 3030/93\* қаулысының 1-қосымшамен алмастырылды. Құрастырылған номенклатураны ережелерді бұзбай түсіндіруде тауарлар сипаттамасы анықтамасының индикативтік құнға қатысты қарастырылатындығы айтпаса да түсінікті, өйткені тауарлар осы Қосымшадағы құрастырылған

номенклатура кодтарымен әрбір санаттың шегінде белгіленген.

Құрастырылған номенклатура кодының алдында "ex" символы тұрған жерде құрастырылған номенклатура кодының шеңберімен және тиесілі сипаттамамен әрбір санатта қамтылған тауарлар анықталады.

-----  
\* Қосымша ЕҚ ресми журналының 28.05.1999 жылғы N L 134 нөмірінде жарияланған.

2-қосымша  
Ноталармен алмасу

Еуропалық Одақ Комиссиясының Сауда жөніндегі Бас Директораты Қазақстан Республикасының миссиясына ықылас танытады және Еуропалық Экономикалық Қоғамдастық пен Қазақстан Республикасының арасындағы Тоқыма бұйымдарының саудасы туралы 1993 жылғы 15-қазанда Брюссельде қол қойылған және 1999 жылғы ... хаттармен алмасу нысанындағы Келісіммен өзгертілген Келісімге сүйенуді құрмет санайды.

Сауда жөніндегі Бас Директорат хаттармен алмасу нысанындағы Келісімнің жасалуына және күшіне енуіне қажетті рәсімдердің аяқталуын күтіп отырған Еуропалық Қоғамдастық Келісімнің ережелерін 2000 жылдың 1-қаңтарынан бастап

қолдануға де-факто дайын екендігі туралы Қазақстан Республикасының Миссиясын хабардар етпек. Сондықтан әрбір тарап кез келген уақытта, егер 4 ай бұрын хабарлаған болса, хат алмасу нысанындағы осы келісімді де-факто қолдануды тоқтата алады.

Егер Қазақстан Республикасының Миссиясы осы құжатпен өзінің келісімін растаса, Сауда жөніндегі Бас Директорат зор ризашылық сезімде болар еді.

Еуропалық Одақ Комиссиясының Сауда жөніндегі Бас Директораты бұл мүмкіндікті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне өзінің тереңықыласын білдіру үшін пайдаланады.  
Қазақстан Республикасының Үкіметінен хат

Мырза, мына төмендегілер баяндалған Сіздің хатыңызды алуымыз туралы хабардар етуді өзімізге құрмет санаймыз:

" М ы р з а ,

1. Брюссельде 1993 жылғы 15 қазанда қол қойылған және 1995 жылғы 20 желтоқсандағы хаттармен алмасу нысанындағы Келісіммен толықтырылған Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Экономикалық Қоғамдастықтың арасындағы Тоқыма бұйымдарының саудасы туралы келісімге (бұдан әрі - "Келісім") сүйенуді өзімізге құрмет санаймыз.

2. Келісімнің мерзімі 1999 жылғы 31 желтоқсанда аяқталғандықтан және Келісімнің 20 (4)-бабына сәйкес Еуропалық Қоғамдастық Келісімнің күшін бұдан арғы кезеңге төмендегідей түзетулермен және шарттармен кем дегенде үш жылға ұзартуды ұсынады:

2.1. Келісімнің 1-бабында айтылған тауарлар көрсетілген 1-қосымша осы хаттың 1-қосымшасымен ауыстырылды.

2.2. 20-баптағы 1-параграфтың мәтіні, Келісімнің екінші және үшінші сөйлемдері мына үлгіде ауыстырылатын болады:

"Ол 2002 жылғы 31 желтоқсанға дейін күшінде болуы тиіс. Алдағы уақытта, егер тараптардың бірі осы ұзартумен келіспейтіндігі жөнінде 2002 жылғы 31 желтоқсанға кем дегенде 6 ай қалғанда басқасын хабардар етпесе, осы Келісімнің барлық тармақтарын қолдану өздігінен тағы бір жылға 2003 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге ұзартылатын болады".

2.3. Келісімнің 2 (3)-бабында айтылған 1, 3, 4, 5, 6, 7 және 8 тоқыма санаттары А-хаттамасында көрсетілген қосарланған тексеру жүйесінен шығарылды. Егер белгілі бір жылда осы тоқыма санаттарындағы тауарлар импортының деңгейі Келісімнің 5(2)-бабында көрсетілген лимиттен асқан жағдайда қосарланған тексеру жүйесі осы санаттар бойынша өздігінен тағы да қолданылатын болады.

3. Келісім мерзімнің аяқталуына дейін Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік Сауда Ұйымының мүшесі болған жағдайда, 2 (2)-(5), 3, 6, 7, 8, 9, 11-19-баптардың ережелері, А-хаттамасы, В-хаттамасы, С-хаттамасы, N 1 келісілген хаттама, N 2 келісілген хаттама

, N 3 келісілген хаттама, N 4 келісілген хаттама Тоқыма өнімі және киім жөніндегі ДСҰ келісімінің 2(17)-бабы мағынасының шегінде әкімшілік құрылымдар ретінде қолданылуы тиіс.

4. Егер Сіз осы айтылғандарды Сіздің Үкіметіңіздің қабылдауын растасаңыз, біз Сізге зор ризашылық білдірер едік. Бұл жағдайда, қосымшаларымен қоса осы хат және қабылдау туралы Сіздің хатыңыз хаттармен алмасу нысанындағы Келісімді жасайтын болады, қажетті құқықтық рәсімдер аяқталғанын тараптар бір-біріне хабарлаған күннің келесі айының бірінші күнінен бастап күшіне енетін болады. Сол мерзімге дейін ол 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап өзара шарттылық жағдайында уақытша қолданылатын болады.

Мырза, біздің үлкен құрметімізді қабыл алуыңыз".

Үкіметіміз Сіздің хатыңыздың мазмұнымен келісетіндігін растауды өзіне құрмет санайды.

Мырза, біздің мәртебелі ықыласымызды қабыл алыңыз.  
Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

1 - қ о с ы м ш а

Еуропалық Қоғамдастық пен Қазақстанның арасындағы Тоқыма бұйымдарының саудасы туралы келісімге қатысты Брюссельде 1993 жылғы 15 қазанда қол қойылған Тоқыма өніміне арналған тауарлар санаты мен сипаттамасы көрсетілген 1-қосымша ЕҚ 3030/93\* қаулысының 1-қосымшамен алмастырылды. Құрастырылған номенклатураны ережелерді бұзбай түсіндіруде тауарлар сипаттамасы анықтамасының индикативтік құнға қатысты қарастырылатындығы айтпаса да түсінікті, өйткені тауарлар осы Қосымшадағы құрастырылған

номенклатура кодтарымен әрбір санаттың шегінде белгіленген.

Құрастырылған номенклатура кодының алдында "ex" символы тұрған жерде құрастырылған номенклатура кодының шеңберімен және тиесілі сипаттамамен әрбір санатта қамтылған тауарлар анықталады.

-----  
\* Қосымша ЕҚ ресми журналының 28.05.1999 жылғы N L 134 нөмірінде жарияланған.

2-қосымша  
Ноталармен алмасу

Қазақстан Республикасының Миссиясы Еуропалық Одақ Комиссиясының Сауда жөніндегі Бас Директоратына ықылас танытады және Тоқыма өнімдерінің саудасы жөніндегі 1993 жылғы 15-қазанда қол қойылған келісімге қатысты және 1999 жылғы ... хаттармен алмасу нысанындағы Келісіммен өзгертілген Бас Директораттың нотасына ( Вербальдық нота күні) сүйенуді құрмет санайды.

Қазақстан Республикасының Миссиясы хаттармен алмасу нысанындағы Келісімнің жасалуына және күшіне енуіне қажетті рәсімдердің аяқталуын күтіп отырған Қазақстан Үкіметі 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап де-факто Келісімінің ережелерін қолдануға дайын екендігі туралы Сауда жөніндегі Бас Директоратты хабардар етпек. Сондықтан әрбір тарап кез келген уақытта,

егер 4 ай бұрын хабарлаған болса, осы хат алмасу нысанындағы Келісімді де-факто қолдануды тоқтата алады.

Қазақстан Республикасының Миссиясы бұл мүмкіндікті Еуропалық Одақ Комиссиясының Сауда жөніндегі Бас Директоратына өзінің терең ықыласын білдіру үшін пайдаланады.

Оқығандар:

Бағарова Ж.А.  
Орынбекова Д.Қ